


33-АХЗАП СҮРЕСІ

Мединеде түсken. Жетпіс түш аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді
Алланың атымен бастаймын.
Эй нәби! Аллага тақуалық істе де
кепірлермен мұнафықтарға бағынба.
Рас Алла тым білуші, аса дана. (1)
Раббыңнан өзіңе уахи етілгенге
ілес. Эрине Алла не істегендерінді
толық білуші. (2) Аллага тәуекел ет.
Ол, уәкіллікте жеткілікті. (3) Алла
(Т.) ешбір адамның кеудесінде екі
жүрек жасаған емес. (Анамның
арқасындаисың деп,) серт қылған
жұбайларың, аналарың болмайды.
(Араптар; әйелін анасының бір
мұшесіне үқсатып, серт қылса; анам
боп қалды деп, ажырасатын болған.
Ислам дінінде садақа төленеді. Бұны
"Зіяр" деп, атайды.) Және
асырандыларың; бел балаларың бола
алмайды. Бұларың ауызша сездерін
ғана. Алла шындықты айтады да Ол
тура жол көрсетеді. (4) Оларды
әкелерімен шақырыңдар. Сол
Алланың қасында турақ. Егер
әкелерін білмесеңдер, сонда олар;



дінде туыстарың, достарың. Ол жөнде қателессендер, сендерге кінә емес. Бірақ әтейге жүректеріңмен болса, (болмайды.) Алла өте жарылқаушы, тым мейірімді. (5) Пайғамбар, мұміндерге өздерінен артық. Оның жұбайлары олардың аналары. Алланың Кітабында; туысқандар бір-біріне мұміндерден де мұхажірлерден де (мираста) жақын. Бірақ достарыңа (мұміндерге) қамқорлық жасауларың болады. Осылар Кітапта жазылған болатын. (6)




(Мұхаммед F.C.) сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Үбірайым, Мұса және Мәріем ұлы Фиса (F.C.) лардан, солардан берік уәде алған едік. (7) Алла шыншылдардың шындығынан сұрау үшін еді. Кәпірлерге қинаушы азап әзірледі. (8) Эй мұміндер! Алланың сендерге болған нығметін еске алыңдар. Сендерге ләшкерлер келген еді. Сонда оларға боран және сендер көрмеген ләшкерлер жіберген едік. Алла не істегендерінді толық көруші.

(Ніжіреттің бешінші жылы көптеген руладардан құралған он екі мың кісілік қалың қол, Мединеге шабуыл жасайды. Мұхаммед (F.C.) үш мың кісімен ор қазып, қорғаныс соғысын жасайды. Бір айға жақын болған соғыста, Мұсылмандар тым құйзелгендіктен, Құдыретше қатты боран шығып, жау абыржып, қашады. Б.Ж.Р.М.К.) (9) Сол уақытта олар сендердің жоғарғы жақтарынан да төменгі жақтарынан да келген еді. Көздерің алайып, жүректерің ауызға келген еді. Сондай-ақ Аллаға байланысты әр түрлі ойлар ойланған еді. (10) Міне сол арада мұміндер сыйналып, қатты теңселген еді. (11) Сол уақытта Мұнафықтармен жүректерінде дерті болғандар: "Бізге Алла да Елшісі де алдап қана уәде берген екен" деді. (12) Сол уақытта олардан бір бөлімі: "Эй Мединеліктер! Енді сендерге тұруға болмайды. Дереу қайтындар" десе, олардың тағы бір бөлімі, Пайғамбардан: "Үйлеріміз иен еді" деп, рұхсат сұрайды. Негізінде олар (үйлері) иен емес, олар қашудығана ойлайды. (13) Егер оларға әр тараптан кіріліп, сосын өздерінен пітіне талап етілсе, әрине кешіктірмей-ақ белсене кірісер еді. (14) Негізінде бұрыннан қайта қашпауға Аллаға уәде берген. Аллаға берген уәдесіне жауапкер. (15)

قُلْ أَنْ يَنْفَعُكُمْ الْفِرَارُ إِنْ فَرَّتُمْ بِكُمُ الْمَوْتُ أَوْ الْقَتْلُ وَلَا
لَا تَمْنَعُونَ إِلَيْهِ لِأَقْلَلَاهُ ﴿١﴾ قُلْ مَنْ ذَا الَّذِي يَعْصِمُكُمْ مِنَ اللَّهِ إِنْ
أَرَادَ بِكُمْ سُوءًا أَوْ أَرَادَ بِكُمْ رَحْمَةً وَلَا يَعْدُونَ نَمَمَ مِنْ دُورِ اللَّهِ
وَلَا يَأْتِيَنَا وَلَا يَنْصِرُنَا ﴿٢﴾ قَدْ عَلِمَ اللَّهُ أَمْرُ الْمَعْوَنِينَ مِنْكُمْ وَالْقَاتِلِينَ
لَا خَوْتَهُمْ هُمُ الْمُتَّوَلُونَ لَا يَأْتُونَ بِالْبَأْسِ إِلَيْهِ لِأَقْلَلَاهُ ﴿٣﴾ أَشْهَدُ
عَلَيْكُمْ فَإِذَا جَاءَكُمُ الْحُقُوفَ رَأَيْتُمْهُمْ يَنْظُرُونَ إِلَيْكُمْ تَدْرُوْهُمْ وَعَنْهُمْ
كَالَّذِي يَعْنِيُّ عَلَيْهِمُ الْمَوْتُ فَإِذَا دَهَبَ لِنُفُوقِ سَلْقُوكُمْ
بِالسَّيْرَةِ حَدَّا وَأَشْحَدَ عَلَى الْخَيْرِ أُولَئِكَ لَمْ يَقُولُوا مَا فَاعَلُوا
اللَّهُ أَعْلَمُ بِهِمْ وَكَانَ ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ سِيرًا ﴿٤﴾ حَسِبُوكُمُ الْأَخْرَابَ
لَمْ يَدْهُبُوا وَلَنْ يَأْتِ الْأَخْرَابُ بِيُودُوا لَوْلَآ تَوَاهُمْ بِاَدُورَتُ
فِي الْأَغْرِبَةِ بِسَلْتُونَ عَنْ اسْبِيِّكُمْ وَلَوْكَائُونَ فَوْكَائُونَ
مَا فَانَلُوا إِلَيْهِ لِأَقْلَلَاهُ ﴿٥﴾ لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أَسْوَأُهُمْ
حَسَنَةٌ لِمَنْ كَانَ يَرْجُوُ اللَّهَ وَالْيَوْمَ الْأَخْرَى ذَكَرَ اللَّهُ كَبِيرًا ﴿٦﴾
وَلَمَّا رَأَ الْمُؤْمِنُونَ الْأَخْرَابَ قَالُوا هَذَا مَا وَعَدَنَا اللَّهُ وَرَسُولُهُ
وَصَدَقَ اللَّهُ وَرَسُولُهُ وَمَا زَادُهُمْ إِلَّا إِيمَانًا وَتَسْلِيمًا ﴿٧﴾


(Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер өлімнен немесе өлтіруден қашсаңдар, сендерге еш пайда бермейді. Қашқан уақытта да аз-ақ пайдаланасыңдар" де. (16) "Егер Алла сендерге бір жамандық қаласа немесе жақсылық қаласа, сендерді Алладан қоргайтын кім?", - де. Негізінде олар, өздеріне Алладан өзге бір дос не бір көмекші таба алмайды. (17) Эрине Алла, сендерден (соғысқа шыгуға) кедергі болғандарды да туыстарына: "Бізге келіндер" деушілерді де біледі. Олардың өте азы ғана соғысқа қатынасады. (18) Сендерге(келсе де) тым сарап. Ал қашан бір хауіп төнсе, олардың саған, өздерін өлім есірігі басып бара жатқандай көздері тәңкеріліп қараганың көресің. Сонда хауіп-қатер кетсе, қылған хайырларына іштері ашып, сендерге өткір тілдерін тигізеді.. (100-С. 8-А.) Міне осылар иман келтіргендер. Сондықтан Алла, олардың ғамалдарын жойды. Бұл Аллаға оқай. (19) Олар руларды (жауларды) кетпеді деп, ойлады. Егер ол рулар келсе, өздері сахарадағы бәдеуилердің ішінде

болып, сендердің хабарларыңды сұрап тұруды көксейді. Егер олар іштерінде болса да өте аз соғысады. (20) Расында сендер үшін, Алланы да ахирет күнін де үміт еткендер және Алланы көп еске алған кіслер үшін; Алланың Елшісінде көркем өнегелер бар. (21) Мұміндер жау топтарын көрген сәтте: "Міне бізге Алланың да Елшісінің де уәде еткен нәрсесі. Алла да Елшісі де рас айтқан" десті. Сондай-ақ олардың сенімдерін, бой ұсынуларын одан ары арттыра тусти. (22)




Мұміндерден, Аллаға деген уәделерін шындыққа шыгарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жаңын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады. (23) Алла шыншылдықтарыменен сыйлар. Ал мұнафықтарды қаласа, азаптайды да немесе оларға тәубе нәсіп етеді. Күдіксіз Алла, өте жарылқаушы, тым мейірімді. (24) Алла ол көпірлерді долданған бойларынша қайтарады. Олар игілікке жете

алмады. Алла соғыста мұміндерге жетіп асады. Алла аса күшті, тым түстем. (Бұрынғы тоқтамды бұзып, бұл соғыста жауга болысқан Яъуди Құрайза тайпасының бекіністері қоршалып, кейі өлтіріліп, кейі тұтқынға алынады. Б.Ж.М.К.) (25) Алла (Т.) кітап иелерінен жауга болысқандарды бекіністерінен түсірді. Сондай-ақ олардың жүректеріне үрей салды. Бір белімін өлтіріп, бір белімін тұтқынға алып жаттыңдар. (26) Олардың жерлеріне, үйлеріне, малдарына және сендер аяқ баспаған жерге сендерді мұрагер қылды. Эр нәрсеге Алланың толық күші жетеді. (Бұл аяқ баспаған жерден мақсат; Иран, Рұм т.б. Қияметке дейін алынатын мемлекеттер. Б.Ж.М.Р.Х.) (27) Эй Пайғамбар! Жұбайларыңа: "Дүние тіршілігін оның сәнін көкссендер, дереу келіңдер, сендерге бір нәрселер беріп, көркем тұрде ажыратайын" де. (28) "Егер Алланы, Елшісін және ахирет жұртын қаласаңдар, әрине Алла сендерден жақсылық істегендерге зор сыйлық дайындаиды." (29) Эй Пайғамбардың әйелдер! Сендерден біреу ашық бір үятсыздық істесе, оның азабы екі есе арттырылады. Бұл Аллаға оңай. (30)



Сендерден кім Аллаға, Пайғамбарына бой ұсынып, ізгі іс істесе, оған да екі есе сыйлық береміз. Сондай-ақ оған мол несібе береміз. (31) Эй Пайғамбардың әйелдер! Сендер әйелдерден әлде біреу сияқты емессіңдер. Егер тақуалық, қылсаңдар, қылымсып сейлемендер. Онда жүргегінде дерті бар әлде кім дәмеленеді. Эдептегі сезіді сейлендер. (32) Ұйлерінде отырыңдар, кәдімгі надандық дәурінше ашылмаңдар. Сондай-ақ намазды орындал, зекет беріп, Аллаға, Пайғамбарына бағыныңдар. Эй Пайғамбардың үй-іші! Шын мәнінде Алла сендерден арамдықты аулақ қылып, өздерінді тап-таза қылуды қалайды. (33) Ұйлерінде оқылған Алланың аяттары мен хикметтерін еске алындар. Шәксіз Алла (Т.) өте жұмсақ, толық білуші. (34) Сөз жоқ, Мұсылман ерлер және Мұсылман әйелдер, мұмін ерлер


және мұмін әйелдер, бой ұсынуши ерлер және бой ұсынуши әйелдер, шыншыл ерлер және шыншыл әйелдер, сабырлы ерлер және сабырлы әйелдер, ықыласты ерлер және ықыласты әйелдер, садақа беруші ерлер және садақа беруші әйелдер, ораза ұстаушы ерлер және ораза ұстаушы әйелдер, ұятты жерлерін қорғаушы ерлер және әйелдер, Алланы көп зікір етуші ерлер және әйелдер; Алла (Т.) бұлар үшін жарылқау және ірі сыйлық әзірледі. (35)



Алла (Т.) және Елшісі, қашан бір іске үкім берсе, мұмін ер және мұмін әйел үшін олардың істерінде ерікті болуларына болмайды. Сондай-ақ кім Аллаға, Елшісіне қарсы келсе, сонда рас ашық адасқан болады. (Жахыш қызы Зейнеп Мұхаммед F.C. ның әкесімен туысқан апайының қызы еді. Ал Харис ұлы Зәйтіт құлдықтан азат еткен асыранды ұлы еді. Пайғамбар F.C. Зейнепті Зәйтітпен үйлендіргендеге, Зейнеп те жақындары да қаламаған еді.

Аralары жараса алмай Зәйтіт Пайғамбар F.C. ға келіп, айрылатындығын айтады. К.Х.А.Ж.Қ.Т-Қ.) (36) (Мұхаммед F.C.) сол уақытта өзіне Алла да бақ берген, сен де бақ берген Зәйтітке: "Жұбайыңды ажыратпа, Алладан қорық!", - деуде едін; Алланың жариялайтын нәрсесін көңлінде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде қоркуға Алла лайық. Сонда одан Зәйтіттің жұмысы біткен (ажыраган) кезде оны саған некелендірдік; мұміндерге, асырандыларынан босаған әйелдерді алуда бір кінә болмауы үшін. Алланың әмірі орындалады. (37) Пайғамбарға Алланың оған парызы еткен нәрсесінде оған айып жоқ. Бұрынғы еткендерге де Алланың жолы осы еді. Алланың әмірі тұжырымды бір үкім. (38) Сондай пайғамбарлар, Алланың нұсқауларын жалғастырып, Одан қорқады да Алладан басқа ешбіреуден қорықпайды. Алла есеп көрүде жетіп асады. (39) Мұхаммед (F.C.) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Алланың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Алла әр нәрсені толық білуші. (40) Эй мұміндер! Алланы өте көп зікір етіңдер. (41) Оны ертелі-кеш пәктеңдер. (42) Ол сондай Алла, сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығу үшін өзі рахмет қылып, періштелері дұға қылады. Сондай-ақ мұміндерге ерекше мейірімді. (43)

Олар Аллаға жолыққан күні амандары, "сәлем" болады. Және оларға қымбатты сыйлық өзірледі. (44) Эй Пайғамбар! Сөз жоқ, сені бір куә әрі қуантушы, ескертуші етіп, жібердік. (45) Алла жаққа, Оның нұсқауымен шақырушы бір нұрлы шырақ түрінде жібердік. (46) (Мұхаммед F.C.) мұміндерді рас оларға Алладан, ірі иглік барлығын шүйіншіле. (47) Кәпірлер мен мұнафықтарға бой ұсынба. Олардың жәбір-жапаларын елеме. Аллаға тәуекел ет. Алла кепілдікте жетеді. (48) Эй мұміндер! Егер мұмін әйелдерді; некеленіп, оларға қосылмай тұрып ажыратсаңдар, сонда оларға сендердің санайтын бір мерзімдерің болмайды. (Гиддат күтпей-ақ үйлене беруіне болады.) Онда олардың мә耶р хақтарын беріп, көркем түрде ажыратындар. (Егер мә耶р белгіленген болса, жартысы, болмаса азды-көпті бір нәрсе беріледі. 2-С. 236-237-А.) (49) Эй Пайғамбар! Расында саган мә耶рлерін берген жұбайларыңды, Алла саган нәсіп етіп, иелігінде болған күндерді, сенімен бірге көшіп келген әкецмен туысқан



ерлердің, әкецмен туысқан әйелдердің, шешеңмен туысқан ерлердің әрі шешеңмен туысқан әйелдердің қыздарын халал қылдық. Сондай-ақ егер мұмін бір әйел өзін Пайғамбарға бағыштаса; Пайғамбар оны некеленгісі келсе, бұны; өзге мұміндерден ерекше саған халал еттік. Мұсылмандарға жұбайлары, қол астарындағы күндері хаққында нені парыз еткенімізді білдік; Саған тарлық болмауы үшін. Алла, аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (50)

﴿ تُرْجَىٰ مِنْ نَسَاءٍ مِّنْهُنَّ وَتُغْوَىٰ إِلَيْكَ مِنْ نَسَاءٍ وَمَنْ أَبْغَيَتْ مِمْنَ عَزَّلَتْ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْكَ ذَلِكَ أَذْنٌ أَنْ تَقْرَأَ عَيْنَهُنَّ وَلَا يَحْرُكَ وَيَرْضَيْكَ بِمَا آتَيْتَهُنَّ كُلُّهُنَّ وَاللَّهُ يَعْلَم مَا فِي قُلُوبِكُمْ وَكَانَ اللَّهُ عَلَيْكُمْ حَلِيمًا ﴾ ٥٦ لَا يَحِلُّ لَكَ النَّسَاءُ مِنْ بَعْدِ لَوْلَا أَنْ تَبْدَلْ هُنَّ مِنْ أَنْفُسِهِنَّ وَلَا عَيْنَكَ حُسْنُهُنَّ إِلَّا مَالَكَتْ يَمِينُكَ وَكَانَ اللَّهُ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ وَّرَقِيبًا بِتَائِيَّهَا الَّذِينَ أَمْنَوْا لَأَنَّهُ خُلُوا بِيُوتَ النِّسَاءِ إِلَّا أَنَّ يُؤْذَنَ لَكُمْ إِنْ طَعَامٌ غَيْرُ نَظَرِيٍّ إِنَّهُ وَلَا كُنْ إِذَا دُعْيْتُمْ فَادْخُلُوا فَإِذَا طَعْمَنْتُمْ فَأَنْتُشِرُوا وَلَا مُسْتَغْسِلُونَ حَدِيثٌ إِنْ ذَلِكُمْ كَانَ يُؤْذِنُ الْأَنْوَافَ يَسْتَغْسِيَ، مِنْكُمْ وَاللَّهُ لَا يَسْتَغْسِي، مِنَ الْحَقِيقِ وَإِذَا سَأَلْتُمُوهُنَّ مَتَّعَافِسُوهُنَّ مِنْ وَرَاءِ حَاجَةٍ ذَلِكُمْ أَمْلَهُ رَقْلُوكُمْ وَقُلُوبُهُنَّ وَمَا كَانَ لَكُمْ أَنْ تُؤْذِنُوا رَسُولًا اللَّهُ وَلَا أَنْ تَنْكِحُوا أَرْجَحَهُ مِنْ بَعْدِهِ إِنْ ذَلِكُمْ كَانَ عِنْدَ اللَّهِ عَظِيمًا ﴾ ٥٧ إِنْ تَبْدِلَا شَيْئًا أَوْ تُخْفِيَ فَإِنَّ اللَّهَ كَانَ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلَيْهَا

(Мұхаммед F.C.) жұбайларыңнан кімді кейін қалдырып, қалағаныңды жаңың аласың. Белек қойғандарыңнан біреуін қаласаң да саған бір кінә жоқ. Бұл олардың көзайым болып, кейімеулеріне және оларға берген нәрсендегі түгел разы болуларына тағы жақын. Алла жүректеріндегіні біледі. Алла (Т.) толық білуші, тым жұмсақ. (51) Саған бұдан кейін әйелдер халал емес, сұлулықтары қызықтырыса да. Жұбайларыңнан ауыстыруыңа; (бұлардан бірін ажыратып, орнына


басқа әйел алудыңа) болмайды. Бірақ қол астындағы күндер бір сәрі. Алла барлық нәрсені бақылаушы. (52) Эй мұміндер! Пайғамбардың үйлеріне сендерге рұхсат берілмейінше кірімдер де тамақтың пысының күтпендер. Бірақ қашан шақырылсандар; кіріндер де тамақ жеген кезде, дереу тарқаңдар, сезге айналмаңдар. Расында бұларың Пайғамбарды қынжылтады әрі сендерден үялады. Бірақ Алла (Т.) шындықтан үялмайды. егер Пайғамбар (F.C.) дың жұбайларынан бір нәрсе сұрасаңдар, далданың артынан сұраңдар; бұларың, сендердің де олардың да жүректерінің тазалығы. Сондай-ақ сендердің Алланың Елшісін қынжылтуларыңа және одан кейін жұбайларымен әсте некеленулеріне болмайды. Сондай істеулерің Алла қасында зор күнә. (53) Бір нәрсені әшкерелесендер де жасырсандар да әрине Алла (Т.) әр нәрсені толық біледі. (54)

سُورَةُ الْأَنْجَلِي

لَجَنَاحَ عَلَيْهِنَّ فِي أَبَابِينَ وَلَا أَبَابِيَّهِنَّ وَلَا إِخْرَيَّهِنَّ وَلَا إِبْلَيَّهِنَّ
لِغَوَّيْهِنَّ وَلَا إِبْلَيَّهِنَّ وَلَا إِنْسَيَّهِنَّ وَلَا مَالَكَتْ
إِيمَنَهُنَّ وَلَقَيْنَ اللَّهَ كَانَ عَلَى كُلِّ شَفَّ وَشَهِيدًا
۶۰ إِنَّ اللَّهَ وَمَائِكَتْهُ يُصْلُونَ عَلَى النَّوْتَرِيَّا يَاهَا الَّذِينَ
عَامَنُوا صَلَوَاعِنَّهُ وَسَلَمُوا قَلِيلًا ۶۱ إِنَّ الَّذِينَ يُؤْذَوْنَ
اللَّهُ وَرَسُولُهُ لَعَنْهُمُ اللَّهُ فِي الدُّنْيَا وَالآخِرَةِ وَأَدْهَمُ عَذَابًا
مُهِينًا ۶۲ وَالَّذِينَ يُؤْذَوْنَ الْمُؤْمِنَاتِ وَالْمُؤْمِنَاتِ
يُعَذَّرُ مَا أَكَتْسَبُوا فَقَدِ احْتَلَمُوا بِهِنَّا لِشَائِيْسَا
يَاهَا الَّذِي قُلَّ لَأَزْوَاجِهِنَّا وَنِسَاءِ الْمُؤْمِنَاتِ بُدِينَ
عَلَيْهِنَّ مِنْ جَلِيْسِهِنَّ ذَلِكَ أَدْنَى أَنْ يُعْرَفَ فَلَا يُؤْذَنُ وَكَانَ
اللَّهُ شَفُورًا رَّحِيمًا ۶۳ لَئِنْ لَّمْ يَنْهِيَ الْمُنْفَعُونَ وَالَّذِينَ
فِي قُلُوبِهِمْ مَرْضٌ وَالْمُرْجُونُ فِي الْمَدِينَةِ لَعَرِيْنَكَ
بِهِمْ شَدَّلَيْجَ اورُونَكَ فِيهَا إِلَّا قَلِيلًا ۶۴ تَلْعُونَنَّ
أَيْمَانَنَقْفُوا إِلَيْذَوْ وَقَتْلُوا فَقْتِيلًا ۶۵ سَنَةَ اللَّهِ فِي
الَّذِينَ حَلَوْ مِنْ قَبْلٍ وَلَنْ يَحْدَلْ لِسَنَةَ اللَّهِ تَبَدِيلًا ۶۶

(Пайғамбар F.C. ның) жұбайларына; әкелері, ұлдары, туыстары, олардың ұлдары, қыз туыстарының ұлдары, Мұсылман әйелдер және қол астарындағы құңдері жайында бір айып жок. (Бұларға көрінүлеріне болады.) (Әй әйелдер!) Алладан қорқындар! Алла (Т.) әр нәрсөні кереді. (55) Расында Алла, Пайғамбарға рахмет етеді. Және періштeler салауат айтады. Әй мұміндер! Оған салауат және ықыласпен сәлем келтіріңдер. (56) Расында Аллаға, Елшісіне ренш бергендер, соларға диние, ахиретте Алла қарғыс беріп, оларға қорлаушы азап дайындағы. (57) Сондай мұмін ер, мұмін әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар; жала жауып, ашық қунә жүктеп алды. (58) Әй Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мұмін әйелдерге айт: "Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл,

олардың танылууларына, сондай-ақ кейітілмеулеріне жақынырақ. Алла (Т.) аса жарылқаушы, тым мейірімді. (59) Егер мұнафықтар, жүректерінде дерті болғандар және қалада уайымды есек тарқатқандар тыйылмаса, әрине сені оларға үстем етеміз. Сосын олар қалада саған аз заман көрші бола алады. (60) Олар қарғысқа үшырап, қайдан табылса да ұсталып, өлтіріледі. (61) Алланың бұрынғы өткендерге жолы осы. Алланың жолынан әсте аудыс-күйіс таба алмайсың. (62)



(Мұхаммед F.C.) адамдар сенен қиямет мерзімінен сұрайды. Оларға: "Оның білімі Алланың қасында; қайдан білесің, мүмкін мерзім жақын шығар" де. (63) Расында Алла көпірлерге лағынет етті. Және оларға жалындаған тозақты әзірледі. (64) Олар онда мәнді қалады. Не дос не көмекші таба алмайды. (65) Олардың беттері от ішінде аударылатын күні: "Әттең! Бізге не болды? Аллаға бой ұсынЫп, Елшісіне көнген болсақ еді" дейді. (66) "Раббымыз! Басшыларымызға,

түлкендерімізге бой ұсындық та бізді солар адастырыды" дейді. (67) "Раббымыз! Оларға азаптан екі есе бер. Және оларды рахметінен мүлде аулақ қыл." (68) Эй мүміндер! Сендер де Мұса (F.C.) ны ренжіткендер сияқты болмаңдар. Бірақ оны Алла, олардың айтқандарынан ақтады. Ол, Алланың қасында беделді еді. (69) Эй мүміндер! Алладан қорқындар да дұрыс сөз сөйлеңдер. (70) Алла істерінді оқалтып, күнәларынды жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаға, Елшісіне бой ұсынса, әрине ол; ұлы табысқа ие болады. (71) Рас аманатты, (дінді. Ж-Қ.Ж.М.К.Р.Х.) кектер мен жерге және тауларға ұсындық; сонда олар оны жүктелуден бас тартып, одан қорықты. Оны адам баласы жүктелді. Өйткені ол, ете залым, тым білімсіз... (72) Нәтижеде Алла мұнафық ерлер мен әйелдерді және мұшрік ерлермен әйелдерді азапқа салады да мүмін ерлер мен әйелдердің тәубесін қабыл етеді. Алла (Т.) аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (73)